


ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

Қайта өрлеу дәуірінің гуманистік
тарихнамасы





Дәрістің жоспары:

1. Қайта өрлеу дәуірінің гуманистік тарихнамасы
2. Тарихи санадағы антикалық және Ренессанс тарихнамасы

Дәрістің негізгі идеялары: Қайта өрлеу дәуірінің тарихи санасында тарихты түсіну және жазуда орта ғасыр тәжірибесімен сабақтастық сақталды. Қайта Өрлеу дәуірі кезіндегі авторларда антикалық мәдени мұраға деген жалпы сезімталдықтары жоғары болды.

Дәрістің негізгі цитаталары:

«Мақтау ақылдыға пайдалы, ақымаққа зиян» (Франческа Петрарка) - «Похвала полезна умному, вредна глупому»

«Ашу – адам мінезінің ең зиянды ақауларының бірі» (Джованни Бокаччо) - «К числу наиболее пагубных пороков я отношу гнев».

Қайта өрлеу дәуірінің гуманистік тарихнамасы



Қайта өрлеу дәуірі мәдени және әлеуметтік өмір саласындағы елеулі өзгерістерімен ерекшеленеді. Алайда, бұндай өзгерістер бұрынғы дәстүрден айтарлықтай алшақтық сипатында болмаған. Әлеуметтік болмыстың басқа да салаларында сияқты, Қайта өрлеу дәуірінің тарихи санасында тарихты түсіну және жазуда орта ғасыр тәжірибесімен сабақтастық сақталды. Алайда, осы кезеңнің тарихи шығармаларында зерттелетін тарихи тақырыптарда, тарихты түсіну барысында, сонымен қатар тарихшының жұмысының әдістерінде бірқатар жаңа қасиеттер пайда болды. Қайта өрлеу мәдениеті аясындағы әдеби ағымды, соның ішінде тарихи тақырыптарға арналған шығармаларды гуманизм деп атайды. Гуманизм деген ұғымның пайда болуының түп тамыры сол кезде адамға, оның мүдделеріне, мүмкіндіктеріне деген көзқарастың өзгеруінде еді. Бұл сол кездегі қоғамның орта ғасыр шіркеу мәдениетінің аскеттік және діни дәстүріне деген қарсылығының күрт өсуінен пайда болады. Бірақ Қайта өрлеу дәуірінде өзінің жеке құралдары, өткенді тану және түсіндіру әдістерінің жиынтығы бар, тарихи шығармаларда шынайы көріністі көрсетуге талпынған тарих ғылымы қалыптасты деп айтуға болмайды. Қайта өрлеу дәуіріндегі еуропалық тарихнама біртекті болған жоқ. Италияндық гуманистік тарихнамасы үшін маңызды антикалық авторларға еліктеу, тарихи оқиғаларды діни түсіндіруден бас тарту, діни конфессияналдық енжарлық (индифференттілік), секуляризация және қоғамның дамуын түсіндіруді ұтымды ету сияқты белгілер, Италия мемлекетінен тыс жерлерде құрылған тарихи шығармаларда толыққанды іске асырылмай қалды.

Тарихи санадағы антикалық және Ренессанс тарихнамасы

Қайта өрлеу дәуірінің аса маңызды әлеуметтік-идеологиялық және дүниетанымдық қозғалысы ол германдық Реформация болды. Германдық Реформация тарихтың діни және теологиялық түсіндірілуінде басым мағынаны сақтап қана қоймай, рим-католиктік лагердің теоретиктерімен полемиканың дамуына одан әрі серпін берді. Сонымен қатар, Реформация мен Контрреформацияның конфессиялық қозғалыстарынан туындаған тарихнамада, оқиғалар мен олардың себептерінің өзара байланысын түсіндірудегі ұтымды аргументацияны кеңейту, сондай-ақ дереккөздермен жұмыс істеудің жаңа тәсілдері, ең алдымен оларда болған ақпаратты неғұрлым қатаң іріктеу және сыни талдау сияқты үрдістер өз дамуын тапты.

Қайта өрлеу дәуірінде дамыған тарихи санадағы антикалық белгілердің сақталуы.

Қайта өрлеу дәуірілік және гуманистік тарихи еңбектерге тән ерекшеліктердің қатарында, бірінші кезекте антикалық мәдениетке қызығушылықтың артуын және сол мәдениеттің адамзат тарихы дамуы барысындағы маңыздылығын қайта баалануын атап өтуге болады. Дегенмен, ортағасырлық тарихшылардың антикалық дәуірді бағалауы біржақты болмады. Олар антикалық дәуірді тек пұтқа



табынушылық және пендешілік өркөкіректіктің дәуірі болған деген кінәраттаумен шектеліп қалған жоқ. Антикалық дәстүрлер туралы естеліктер ортағасырлық мәдениетте сақталды, себебі ғылым мен білімнің барлық жүйесі грек және Рим дәстүрлерінің интеллектуалдық жетістіктері мен оқыту практикасына негізделген еді. Алайда антикалық білім дәйекті түрде христиан теологиясы мен догматикасының зияткерлік контекстінде өзінің орынын тапты. Ол нені білдірді? Қайта Өрлеу дәуірі кезіндегі авторлардың шығармаларына антикалық тарихи бейнелер мен сюжеттердің, орта ғасырға қарағанда, қарқынды енуі ғана емес, сонымен қатар, антикалық мәдени мұраға деген жалпы сезімталдықтың өсуі еді.

Гуманистердің Антикалық мәдениетті қайта жаңғыру туралы тезистері кейбір маңызды ескертпелерді талап етеді. Олардың антикалық мәдениетті қолдауы классикалық мәдениеттің рухын, үлгісін қайта қалыптастырудан гөрі, өздері үшін идеал болған дәуір туралы өзіндік түсініктерінің, көзқарасының көрінісі еді. Гуманистік мәдениетінің үлгісі болған шығармаларда суреттелген тарихи тұлғалардың, антикалық тарихи батырлардың және өздерінің замандастарының кейіпкерлері арасындағы айтарлықтай айырмашылық болған жоқ. Гуманистер ежелгі тарих кезінде ойдан шығарылған және шынайы кейіпкерлердің тәжірибелері тек дидактикалық үлгілер ретінде ғана ұсынылған жоқ, себебі сол өткен тарихи кезеңнің әжірбиесі күнделікті тәжірибеде қайта жаңғыруы мүмкін деп қарастырылды. Ғалымдардың пікірінше, Орта Ғасырда сияқты Қайта Өрлеу дәуірінде де өткенді қабылдау барысында историзм - тарихилық болмады. Тарихилық дегеніміз өткен тарихи кезеңді түсіну барысында сол кезеңнің өзіндік ерекшелігі, сол дәуірге ғана тиісті әлеуметтік байланыс жүйесі мен қоғамдастарды ұйымдастыру қағидағары бар екендігін ескеру. Ал, Қайта Өрлеу гуманистерінде антикалық дәуірді зерттеу барысында аталған тарихилықтың принциптері туралы нақты түсінік болмаған.

Гуманистік мәндегі тарихи шығармаларда авторлар өз дәуірінің әлеуметтік және саяси болмыстарына қатысты антикалық ұғымдар мен терминдерді сын-қатерсіз қолданылуына жол беруі кездейсоқ емес еді. Ренессанс мәдениетінің антиисторизмі немесе тарихилық принциптерінің жоқтығы бейнелеу өнері саласында ерекше көрініс тапты. Антикалық тарихи кезеңді суреттеу барысында сол кезде өмір сүрген батырлардың кейіптерін гуманист-суретшілер өз замандастарының костюмдеріне киіндіріп, өз заманының интерьерлері мен сәулеттік дәстүрдің контекстінде көрсете берді.

Антикалық мәдениетті тікелей ізашары және еліктеуге лайықты идеал ретінде қабылдай отырып, Қайта өрлеу дәуірінің тарихнамашыларының еңбектерінде антикалық кезеңді зерттеп, сол кездің шынайы көрінісін қалпына келтіру деңгейінен антикалық әдеби дәстүрдегі бейнелерді және риторикалық формаларды қайта жаңғыртулары басым болды.

Осындай үрдіс бірнеше көріністерден көрінді: антикалық баяндаудың тілі мен мәнеріне еліктеу, қазіргі өмірді түсіндіру үшін антикалық тарихтың сюжеттері мен кейіпкерлерін пайдалану, антикалық тарихи шығармалардың мазмұнын өзгертпей айту, антикалық авторлардың теориялары мен идеяларындағы саяси жүйені ұйымдастырудың ықтимал тәсілдерін пайдалану. Антикалық көзқарасқа жүгіну үрдісінің ерекшелігі болған жағдай: ол антикалық тарихи, мәдени, саяси тәжірибені түсіну мен сол тәжірибені Қайта құру дәуірі авторларының өздерінің заманына сай қолдану мүмкіншіліктері әр түрлі дәрежеде болды.

Антикалық дереккөздерді қайта пайдалану және қайта жариялау, олардың стиліне еліктеу, сол дәуірге тән дидактикалық пафос көптеген Қайта өрлеу дәуірінің ерте тарихи-әдеби шығармаларына тән еді. Ренессанстың ерте тарихи-әдеби кезеңінің жарқын өкілдері, заманауи еуропа әдебиетінің негізін қалаушылары, корифейлері болып танылатын тұлғалар - Петрарка мен Боккаччо.



ФРАНЧЕСКО ПЕТРАРКА (1304—1374) Римнің тарихын оның ең маңызды саяси қайраткерлерінің өмірбаяндарында таныстырды.

Латын тілінде жазылған «Атақты тұлғалар туралы» - «О знаменитых мужах» (1337 кейін) деген туындысы Ромулдан

Цезарға дейінгі жиырма бір рим ұлыларының және антикалық дәуірдің басқа да атақты қайраткерлерінің өмірбаяндарын қамтиды. Петрарка бұл шығарманы орта ғасырда пайда болған шынайы емес, қияли еңбектерге көп көңіл бөлмей, Тит Ливийдің шығармаларының негізінде жазған.

Алайда, ол дереккөзді өзгермеген қалпында жаңғыртып қана қоймай, өткен тарихи оқиғаларды жазу барысындағы моральдық-дидактикалық міндеттерді басшылыққа ала отырып, үлкен өңдеу жұмысын атқарды. Петрарканың тарихи әңгімелеріндегі антикалық кейіпкерлер барынша жан-жақты дамыған, үлгі болатын тұлғалар, олар саяси қайраткерлердің оң бейнесі. Петрарка осындай кейіпкерлерінің бейнесі



аркылы XIV ғ. өмір сүрген итальян тарихының кейіпкерлеріне сыни баға берді.



Келесі Ренессанстың ерте тарихи-әдеби кезеңінің жарқын өкілі ДЖОВАННИ БОККАЧЧО (1313-1375). Оның Петраркадан айырмашылығы, ол антикалық тарихтан саяси даналық пен азаматтық қайырымдылықтың тәжірибесін ғана емес, қарапайым өмірдің өзі, үйреншікті күнделікті іс-әрекеттер арасынан адам баласына сабақ болған тарихи оқиғалардың мысалдарын жинады. Бокаччоның *«О славных жєнщинах» - «Әйгілі әйелдер туралы» (1360-1374) деген шығармасы* антикалық авторлардың моралдық пафоспен жазылған тарихи анекдоттарының жинағы. Бірақ, бұл анекдоттардың тарихи құндылығы жоқ.

Гуманистік тарихнаманың отаны және орталығы болған Италия. Гуманистік тарихнама бастапқыда локалды сипатта болған және жергілікті билеушілердің әрекеттері мен жетістіктерін зерттеген. Гуманистік тарихнама шығармаларына жалпы тән сипаты деп олардың антикалық авторларға (ең көбі — Тит Ливийге) ынталы еліктеуін, олардан өзекті оқиғалар туралы баяндаудың риторикалық схемаларын, түсіндірудің логикалық модельдерін алғандарын атап өтуге болады. Мысалы, антикалық авторлардың беделіне тәуелді, соларға еліктеу, флоренциялық тарихшы, гуманистік тарихнаманың ең ірі өкілдерінің бірі ЛЕОНАРДО БРУНИ, лақап аты Аретиноға, (1370/74—1444) тән.

Зерттеушілердің пікірінше, Леонардо Брунидің 12 кітапта жазылған «Флоренция тарихы» (1439) деген еңбегінен еуропалық тарихнаманың жаңа кезеңінің басталуын санау керек. «Флоренция тарихында» жаңа дәуірдің тарихи еңбектеріне тән сипат айқын білінді. Ол жекелеген халықтар мен мемлекеттердің тарихына ерекше назардың аударылуы. Бұл тарихты қалпына келтіру барысындағы әдіске мотивация болған жағдай тек өткен тарихқа деген қызығушылық емес, сонымен қатар өзекті саяси мәселелерді шешу жолдары қандай болғандығына да қызығушылық болды. XV-XVI ғасырларда өткен кезеңді білу және сол кезең туралы тарихи материалдардың жинағы нақты саяси күресте де, қоғамның әділ құрылымын сипаттайтын жеке теориялар мен бағдарламаларды әзірлеуде де маңызды дәлел ретінде қолданылды. Орта ғасырлық тарихнамаға тән екі тарихи перспективаның бірігіп түптелуі — универалистік және тар локалды — біртіндеп жекелеген саяси құрылымдардың (монархиялардың, қала-мемлекеттердің, саяси одақтардың) қалыптасуына қызығушылықпен ауыстырыла бастады. Мысалы, Леонардо Бруни өзінің орта ғасырлық ізашарларының тарихи шығармаларына сүйеніп отырып, бірақ сол шығармалардағы ғажайып немесе табиғатта жоқ ерекше тылсым оқиғалар туралы әңгімелерді алып тастаған, себебі ол тек нақты, шынайы материалды ғана қолданды. Қайта өрлеу дәуірінің авторларының басым көпшілігінде сияқты, мұндай рационализм дереккөздердің ақпаратына сындарлы көзқарастан алыс болды. Ренессанс дәуірінің тарихшылары шынайы және ойдан құрастырылған мәліметтерді бөліп қарады, бірақ шынайы деп іріктеп алған мәліметтердің қаншалықты шынға жақын екенін анықтамаған. Ортағасырлық хронологтар сияқты, тарихшы-гуманистер де өздеріне деін жазылған шығармалардың барынша кең ауқымын пайдалануға ұмтылды. Тарихи фактілерді іріктеуде үлкен еркіндік пен ой-өрісін көрсете отырып, соған қарамастан тарихшы-гуманистер беделді пікірге деген дәстүрлі сенімді сақтап қалды.

Бруни Тит Ливийге еліктейтін тарихшылардың бірі еді. Ол Тит Ливий сияқты антикалық тарихнаманың риторикалық схемалары мен логикалық модельдеріне аса құрметпен қарады және соларға тәуелді болды. Флоренциядағы саяси күрестің тарихын, атап айтқанда 1293 ж. болған әлеуметтік төңкерісті сипаттай отырып, Бруни Тит Ливийдің ұғымдық аппаратын пайдаланған. Оған дәлел 1293 ж. әлеуметтік төңкерісті беделді және батыл көсемдер басқарған патрицийлер мен плебейлер арасындағы билік үшін күрес деп түсіндірді. Брунидің бұл оқиғаның ішкі себептері мен мән-жайлары мүлдем қызықтырмайды. Бруни өз алдына бұл оқиғаны шынайы және терең ұғыну керек деген мақсаты қойған жоқ, себебі ол үшін оқиғаны суреттегенде әдеби ізденушілік, қызығушылық, пайдалы түйін шығару маңызды болды.

Бұл, мысалы, Брунидің шығармаларындағы риторикалық тәсілдерде — хикаяттік драматургиясында, тарихи кейіпкерлерінің халық алдында сөйлеген сөздерінде ойдан шығарған фактілерді, идеяларды қолданғандарынан көрінеді.

Уақыт өте келе авторлардың материалды қамту тәсілдері мен ой - өрістері кеңейіп, шығармалар тарихи сипатқа ие болды. Бұл шығармаларда өткен уақытта болған және авторларға замануи болып жатқан тарихи оқиғалар бір әңгіме аясында байланыстырылды. Италияда, Италиядан тыс жерлерде өмір сүрген гуманистер «Дүниежүзілік тарихы» деген еңбектің толық бір сериясын жазып шықты. Бұл еңбек зерттеушілердің әділ іріктеуінен өткен, толыққанды материал негізінде жазылған. Сондықтан, гуманистер



жазған «Дүниежүзі тарихы» ортағасырлық Иероним мен Эрозияның үлгілі еңбектеріне қарағанда ерекше. Италияндық гуманистер Еуропаның саяси тарихында үлкен өзгерістер болып жатқан кезде өмір сүрді. Бұл өзгерістер ұлттық мемлекеттердің қалыптасуымен байланысты еді. Осы мәселе ұлттық тарихтың жаңа нұсқасының қалыптасуын талап етті. Италияндық гуманистер еуропа монархтардың тапсырысы бойынша ұлттық тарихты зерттеді. Сөйтіп, ұлттық тарихтың жаңа нұсқасын жасады. Бұл нұсқада осыған дейін жазылған тарихи шығармалардағы мәліметтердің ішінен шыншыл, сенімді, ықтимал фактілер жинақталып, оларға лайықты әдеби форма берілді. Шығармаларда тарихи оқиғалар ерекше түсіндірілмеген, пайдаланылған тарихи материалдар сыни бағаланбаған. Бұл мемлекет басқарушылары жүргізіп отырған саяси және әулеттік стратегияларын айқындау үшін дәлел ретінде пайдаланатын өткен тарих туралы қызықты және ұтымды әңгімелер жинағы еді.

Гуманистік тарихнаманың ортағасырлық тарихнамадан айтарлықтай айырмашылығы болды:

- біріншіден, гуманистік тарихнаманың авторларының әлеуметтік және мәдени мәртебесі ортағасырлық тарихнаманың авторларынан ерекше болды
- екіншіден, гуманистік тарихнамадың өзіне лайық әлеуетті оқырман аудиториясы болды.

Оған себеп болған объективті фактор ретінде атап кететін жағдай - батыс Рим империясы күйрегеннен кейін алғаш рет тарихи еңбектерді жазушылардың басым көпшілігі саяси немесе әкімшілік өмірге тікелей қатысқан, дін ортамен немесе монастырлық және шіркеу мекемелермен байланысы жоқ адамдар болды.

Гуманистік тарихнама авторларының қоғамның әлеуметтік сатысындағы орны, сондай-ақ олардың классикалық үлгілерге саналы түрде еліктеуге ықылас білдіруінің салдарынан тарихнаманың ішкі мән-мазмұны өзгеріске ұшырады. Енді тарихнамашылар саяси оқиғалар мен мемлекет басшыларының, ірі тұлғалардың мінез-құлқыларына түрткі болған жағдайларға көп көңіл бөлді. XV—XVI ғғ Еуропада дамыған әлеуметтік және саяси жағдай антикалық тарихшыларға «еліктеу»ге мүмкіндік берген нәрлі орта болды. Бұл кезде Еуропада ұлттық монархиялар қалыптасып, Италия қала-мемлекеттері даму барысында гүлдену кезеңін өткеріп жатқан еді. Зайырлы биліктің ерекше маңыздылығын дәріптейтін, оның шіркеудің, діни биліктің абсолютті беделіне бағыныштылығын жоққа шығарған идеология қалыптасты. Осылайша, гуманистердің антикалық дәуірді азаматтық ерлік пен саяси ұлылық дәуірі ретінде қарастыруы жаңа идеялар мен ұмтылыстарды растайтын тарихи бейнелерді іздеу нәтижесінде туындады.

Антикалық тарихты және антикалық тарихнаманың риторикалық тәжірибесін өзектендіру жекелеген аймақтық және ұлттық дәстүрлерге тең дәрежеде таралған жоқ. Мысалы, бұл үрдіс Германиядағы Реформация кезеңінде жазылған жәй тарихи шығармалардың немесе тарихи дискуссиялық шығармалардың дәлелдерін іріктеуде маңызды рөл атқармады.

Ұсынылған ресурстардың тізімі:

1. Барг, М. А. Эпохи и идеи : Становление историзма / М. А. Барг. — М., 1987.
2. Барг, М. А. Категории и методы исторической науки / М. А. Барг. — М., 1984.
3. Бессмертный Ю. А. Метод // Человек в мире чувств : Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени / под ред. Ю. Л. Бессмертного. М., 2000. С. 23.
4. Биск, И. История исторической мысли в новое время / И. Биск. — Иваново, 1983.
5. Блок М. Апология истории. М., 1983
6. Бычков, С. П. Введение в отечественную историографию XX в. / С. П. Бычков, В. П. Корзун. — Омск, 2001.
7. Гутнова, Е. В. Историография истории средних веков / Е. В. Гутнова. — М., 1985.
8. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева. — М., 1990.
9. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева, А. И. Патрушева. — М., 2000.
10. Историческая наука и историческое сознание / под ред. Б. Г. Могильницкого. — Томск, 2000.
11. Ковальченко, И. Д. Методы исторического исследования / И. Д. Ковальченко. — М., 1987.
12. Коллингвуд, Р. Дж. Идея истории ; Автобиография / Р. Дж. Коллингвуд. — М., 1980.
13. Косминский, Е. А. Историография средних веков : V в. — середина XIX в. / Е. А. Косминский. — М., 1963.
14. Кроче, Б. Теория и история историографии / Б. Кроче. — М., 1998.



15. Lovejoy A. O. *The Great Chain of Being : A Study of the History of an Idea*. Cambridge (Mass.), 1936.
16. Могильницкий, Б. Г. *История исторической мысли XX в. Вып. I—II* / Б. Г. Могильницкий. — Томск, 2001—2003.
17. Насонов, А. Н. *История русского летописания XI — начала XVIII в.* / А. Н. Насонов. — М., 1969.
18. Немировский, А. И. *У истоков исторической мысли* / А. И. Немировский. — Воронеж, 1979.
19. *Портреты историков : Время и судьбы. В 2 т.* / под ред. Г. Н. Севостьянова, Л. Т. Мильской. — М., 2000.
20. Про, А. *Двенадцать уроков по истории* / А. Про. — М., 2000.
21. Румянцева, М. Ф. *Теория истории* / М. Ф. Румянцева. — М., 2002.
22. Савельева, И. М. *История и время : В поисках утраченного* / И. М. Савельева, А. В. Полетаев. — М., 1997.
23. Тош, Дж. *Стремление к истине : Как овладеть мастерством историка* / Дж. Тош. — М., 2000.
24. Шапиро, А. Л. *Историография с древнейших времен по XVIII в.* / А. Л. Шапиро. — Л., 1982.
25. Хейзинг Й. *Homo ludens : В тени завтрашнего дня*. М., 1992.
26. Февр Л. *Бои за историю*. М., 1991.